«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ КОМИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «АКТЮБИНСКИЙ ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННОГО ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ КОМИТЕТА ГОСУДАРСТВЕННОГО ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

19 наурыз 2019 ж № 176

Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

город Актобе

Конкурстық комиссия төрағасын қайта бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесінің 59, 61 тармақтарына сәйкес және Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы А.И. Сағиевтің іссапардан кейін жұмысқа қосылуына байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің «Темір аудандық қазынашылық басқармасының және Темір ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының әкімшілік ғимараттарына ағымдағы жөндеу жүргізу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды өткізу үшін конкурстық комиссия құру туралы» 2019 жылғы 15 ақпандағы № 88 бұйрығының 1 тармағына және «Ақтөбе қаласы, Некрасов көшесі, 73 мекен-жайында орналасқан әкімшілік ғимаратты ағымдағы жөндеу жүргізу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды өткізу үшін конкурстық комиссия құру туралы» 2019 жылғы 15 ақпандағы № 90 бұйрығының 1 тармағына, төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1) Конкурстық комиссия төрағасы - Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің кадр жұмысы және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы, департамент басшысының міндетін атқарушы М.М. Абиев комиссия құрамынан шығарылсын;

2) Конкурстық комиссия төрағасы болып Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы А.И. Сағиев тағайындалсын;

2. Кадр жұмысы және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі осы бұйрықтың 1 тармағынан туындайтын қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы **А. Сағиев**

003382